

Бекітемін

**«Айбөбек» бөбекжай-балабақшасы» КМҚК ның
меңгерушісі: З.Ш.Шамарданова**

«Айбөбек» бөбекжай-балабақшасындағы қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: Қамқоршылар кеңесі

Қамқоршылық кеңесі – стратегиялық мақсаты мен міндеттерін айқындайтын, сенім, ашықтық, еріктілік және алқалық қағидалармен жұмыс істейтін қоғамдық орын.

Қамқоршылық кеңесі туралы Ереже қамқоршылық кеңес қызметінің типтік ережесіне және Қазақстан Республикасы Білім туралы Заңының 44-бабы 9-тармағына сәйкес жасалды.

Қамқоршылық кеңесінің негізгі мақсаты:

1. Балабақшаның оқу-тәрбие жұмысын дамытудың көкейтесті міндеттерін шешу;

2. Балабақшадағы міндеттерді қазіргі талапқа сай шеше алатын, жаңа жақты білімді, тәрбиелейтін орталық ретінде қалыптастыру.

3. Жаңа ақпараттық және педагогикалық технологияны енгізу, оқу-тәрбие жұмысында тиімді пайдалана білу.

Негізгі міндеттер

1. Балабақшаның үздіксіз жұмыс істеуіне және дамуына ықпал ету;

2. Білім үрдісін жетілдіруге, білім сапасын арттыруға, оқу-материалдық және техникалық базасын жақсартуға қатысу;

3. Балабақшаның қаржы, материалдық және қолдаудың басқа түрлерін жүзеге асыруда күш-жігерді біріктіру, қызметі мен дамуын қамтамасыз ету үшін қосымша ресурстарды тарту;

4. Білім үрдісіне қатысушылар құқығының сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру.

Қамқоршылық кеңесінің функциялары

1.Балабақшаның миссиясын анықтауға, даму стратегиясын бекітуге қатысады, қызметін бағалауды жүргізеді.

2.Қамқоршылық кеңесі қоры қаражатын жұмсау бойынша қоғамдық бақылау жүргізеді.

3.Білім беру және еңбек тәртібі заңдарына сәйкес, «Білім » заңына , бала құқығын қорғау заңына жіне еңбек тәртібі ережелеріне сйкес болашақ бағыттарын ұйымдастыруға және айқындауға ықпал жасайды

4. Педагогтардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға, жаңа технологияны меңгеруіне, оқушылардың білім сапасын арттыруға көмектеседі

5.Жетім, қамқорлықсыз қалған тәрбиеленушілерге әлеуметтік көмек көрсетеді.

6. Педагогтардың әлеуметтік жағдайын ескеріп, кәсіподақ ұйымымен бірлесе отырып, мадақтау, көмек көрсету шараларын жүзеге асырады.

«Айбөбек» бөбекжай-балабақшасындағы қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары

<i>р/с</i>	<i>Іс-шаралар</i>	<i>Орындалу</i>	<i>Орындаушы</i>

		<i>мерзімі</i>	
1	<i>Балабақшада «Қамқорлық кеңесін құру»</i>	<i>Қыркүйек</i>	<i>Меңгеруші: З.Ш.Шамарданова</i>
2	<i>Қенестің құрамының мүшелерінің атқаратын қызметтерін белгілеу</i>	<i>Қыркүйек</i>	<i>Меңгеруші: З.Ш.Шамарданова</i>
3	<i>Қамқорлықтағы балаларды санаттары бойынша топтау</i>	<i>Қыркүйек</i>	<i>Қамқоршылық кеңес мүшелері</i>
4	<i>Материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау, зерттеу</i>	<i>Қыркүйек</i>	<i>Қамқоршылық кеңес мүшелері</i>
5	<i>Тәрбиеленушілердің әлеуметтік картасын жасақтау</i>	<i>Қыркүйек</i>	<i>Қамқоршылық кеңес мүшелері</i>
6	<i>Жетім, жартылай жетім және отбасылық жағдайы төмен аз қамтылған жанұяның балаларының үй-тұрмысымен танысу, акт жасау</i>	<i>Жыл сайын</i>	<i>Қамқоршылық кеңес мүшелері</i>
7	<i>Балабақшадағы даму мүмкіндігі шектеулі балалармен жеке-жеке танысып, сөйлесу</i>	<i>Желтоқсан</i>	<i>Қамқоршылық кеңес мүшелері</i>
8	<i>Қамқорлық кеңесінің кезекті отырыстарын өткізу</i>	<i>Қыркүйек Желтоқсан Наурыз Мамыр</i>	<i>Меңгеруші: З.Ш.Шамарданова Кәсіподақ төрайымы: Ж.Е.Айтжанова Қамқоршылық кеңес мүшелері</i>
9	<i>Қамқорлық акциясын өткізу</i>	<i>Қыркүйек Қантар</i>	<i>Меңгеруші: З.Ш.Шамарданова Кәсіподақ төрайымы: Ж.Е.Айтжанова Қамқоршылық кеңес мүшелері</i>

10	<i>Қайырымдылық көрсететін демеушілерді ұйымдастыру, көрсетілетін көмек түрін анықтау (киім-кешек, азық-түлік тағзы басқа), комиссия құру</i>	<i>Қазан</i>	<i>Меңгеруші: З.Ш.Шамарданова Кәсіподақ төрайымы: Ж.Е.Айтжанова Қамқоршылық кеңес мүшелері</i>
11	<i>Тәрбиеленушілердің сабағына қатысу бақылау</i>	<i>Жыл сайын</i>	<i>Меңгеруші: З.Ш.Шамарданова Кәсіподақ төрайымы: Ж.Е.Айтжанова Қамқоршылық кеңес мүшелері</i>
14	<i>Белсенді ата-аналармен педагогтар арасында кеңес өткізу</i>	<i>Қараша</i>	<i>Меңгеруші: З.Ш.Шамарданова Әдіскер: К.А.Амиргалиева Қамқоршылық кеңес мүшелері</i>
15	<i>«Жүректен жүрекке» Тренинг өткізу</i>	<i>Наурыз</i>	<i>Меңгеруші: А.А.Аманчина Кәсіподақ төрайымы: КозыбаковаА Қамқоршылық кеңес мүшелері</i>
16	<i>«Жүректен жүрекке» ашық шара</i>	<i>Тамыз</i>	<i>Қамқоршылық кеңес мүшелері</i>
17	<i>Білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілерінің құқықтарының сақталуын қадағалау</i>	<i>Тамыз</i>	<i>Меңгеруші: З.Ш.Шамарданова Қамқоршылық кеңес мүшелері</i>
18	<i>Қамқоршылар үшін ашық есік күнін ұйымдастыру</i>	<i>Жыл бойы</i>	<i>Меңгеруші: З.Ш.Шамарданова Әдіскер: К.А.Амиргалиева Қамқоршылық кеңес мүшелері</i>
19	<i>«Сенім» телефоны және Сенім жәшігі жұмысының ұйымдастыру</i>	<i>Жыл сайын</i>	<i>Меңгеруші: З.Ш.Шамарданова Қамқоршылық кеңес</i>

			<i>мүшелері</i>
20	<i>Мерекелік шаралар ұйымдастыру</i>	<i>Жыл сайын</i>	<i>Әдіскер:</i> <i>К.А.Амиргалиева</i> <i>Қамқоршылық кеңес</i> <i>мүшелері</i>
21	<i>Қамқоршылар оқу жылы басында өткен жылға есеп беру</i>	<i>Қыркүйек</i>	<i>Меңгеруші:</i> <i>З.Ш.Шамарданова</i> <i>Әдіскер:</i> <i>К.А.Амиргалиева</i> <i>Қамқоршылық кеңес</i> <i>мүшелері</i>

«Айбөбек» бөбекжай-балабақшасы» КМҚК бойынша Қамқоршылық кеңесіне үміткерлікке келісім бергендер тізімдемесі

Р/с	Қамқоршылық кеңестің құрамына кіруші өкілеттіліктер	Қамқоршылық кеңеске үміткердің толық аты -жөні	Жұмыс орнының атауы, атқаратын лауазымы	Туған күні, айы, жылы	Жасы	Балабақшада тәрбиеленуші баласы болса, саны
1	Жергілікті өкілдік, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілі	Ажигереев Мерей Есенгелдиевич	Құрманғазы ауылдық округінің әкімінің иорынбасары	13.06.1989	32 жаста	жоқ
2	Жергілікті өкілдік, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілі	Аруов Рустем Аманжолович	Аудандық ішкі істер бөлімінің учаскелік инспекторы	01.01.1984	37 жаста	1
3	Жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері	Евниенов Нуржан Русланович	Гагарин атындағы жалпы орта мектеп директорының бейіндік оқыту орынбасары	01.08.1990	31 жаста	1
4	Жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері	Длмагамбетова Мейрамгул Абаевна	Бегалиев атындағы жалпы орта мектептің мұғалімі	23.04.1983	38 жаста	
5	Коммерциялық емес ұйымның өкілдері	Кабдолова Кундыз Галымжановна	«Атамекен» кәсіпкерлік палатасы маман	20.01.1987	34 жаста	1
6	Ата-аналар комитеті ұсынған әр топтан	Танатова Гульжан Султановна	«Алтиес Петролеум Интернэшнл Б.В»	18.03.1987	34 жаста	1

	балабақшадағы тәрбиеленушілердің бір ата-анасы немесе заңды өкілі		компаниясының Атырау филиалының есепшісі			
7	Ата-аналар комитеті ұсынған әр топтан балабақшадағы тәрбиеленушілердің бір ата-анасы немесе заңды өкілі	Жамалова Жанагуль Узаковна	Үй шаруасында	11.10.1984	37 жаста	1
8	Ата-аналар комитеті ұсынған әр топтан балабақшадағы тәрбиеленушілердің бір ата-анасы немесе заңды өкілі	Бралиева Гулдана Серикбаевна	Құрманғазы аудандық «Серпер» редакциясының іс- қағаздар жүргізушісі	12.04.1985	36 жаста	1
9	Ата-аналар комитеті ұсынған әр топтан балабақшадағы тәрбиеленушілердің бір ата-анасы немесе заңды өкілі	Жасауова Ботагоз Жумажановна	«Атырауэнергосату» ЖШС-нің бақылаушысы	14.03.1987	34 жаста	1

«Айбөбек» бөбекжай-балабақшасы» КМҚК меңгерушісі:

З.Ш.Шамарданова

Қамқоршы кеңесінің №1 хаттама

«Айбөбек» бөбекжай-балабақшасы» КМҚК

Құрманғазы ауылы

29.09.2023 жыл

Жиналыс төрайымы: Шамарданова.З.Ш – балабақша меңгерушісі

Жиналыс хатшысы: Есенболатова.Г.Е

Қатысқандар: 27 адам (қорғаушылық кеңесінің мүшелері, шақырылғын ата-аналар, педагогтар)

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен таныстыру.

2. Қамқоршылық кеңестің мақсаты, міндеттері, іс шара жоспары және қамқоршылық кеңеске мүшелер сайлау.

Тыңдалды: меңгеруші Шамарданова.З.Ш: Құрметті ата-аналар, әлеуметтік ұжымдастар бәріңізді алғашқы 2023-2024оқу жылымен сіздерді құттықтаймын. Сіздерді Үкіметтен шыққан Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен таныстырғым келіп отыр. Бұл бұйрықта білім беру мекемесі яғни біздің балабақшада қамқоршылық кеңесті сайлауымыз керек. Жалпы қағида 5 тараудан тұрады:

1 тарау – Жалпы ережелер;

2 тарау- Қамқоршылық кеңесті сайлау тәртібі және құрамы;

3 тарау- Қамқоршылық кеңестің өкілеттігі;

4 тарау- Қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру тәртібі;

5 тарау- Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату.

Осы қамқоршылық кеңеске жергілікті өкілдіктен, құқық қорғау органдарының өкілдерінен, әлеуметтік әріптестерден, коммерциалық емес ұйымдардан, ата-аналар комитетінен тақ санды құрайтын барлығы 9 саннан тұратын мүше сайлауым керек. Олардың ішінде: 1-уі төраға, 1-уі хатшы, 7-уі кеңеске мүше болуға тиіс.

Қамқоршылық кеңестің міндеті, білім беру ұйымында тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуына, сонымен қатар білім беру мекемесінің шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалудына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады.

Қамқоршылық кеңестің құрамын осы бүгінгі жиналысқа қатысып отырған ата-аналар ішінен ұсынығым келеді.

1. Тулегенова Бибигуль Ерсайновна – Құрманғазы ауылдық округ әкімі аппараты ММ нің бас маманы
2. Аруов Рустем Аманжолович- АІБ- полиция инспекторы
3. Зинетуллиная Алтынай – үй шаруашылық әйел
4. Суйнишев Ренат – жұмыссыз
5. Есенболатова Гүлмаржан Есенболатқызы- «Айбөбек» бөбекжай- балабақшасы» тәрбиеші
6. Амангелдиева Айдана Талгатовна –АІБ- инспектор
7. Зинуллиная Мендіғаным Бекболқызы – «Айбөбек» бөбекжай- балабақшасы» тәрбиешінің көмекшісі
8. Евниенов Нуржан Руслановия- Гагарин атындағы жалпы орта мектебі – оқытушы
9. Умбетова Гулбану – Еңбекші жалпы орта мектебі- оқытушы

Сөз алғандар:

Ата –ана Евниенов.Н: Балабақшада қамқоршылық кеңестің құрылуы дұрыс есептеймін.Қамқоршылық кеңестің –мақсаты балабақшаға қолдау көрсету деп ойлаймын.Қазіргі кезде әлеуметтік жағдайы төмен соның ішінде көп балалы ата-аналар көп. Сол ата-аналардың жағдайы мысалы, мектепке барар кезде оқу құралдарын алуға, оқу киімдерін алуға жағдайлары жетпей отырады. Сол сияқты мектептерде, бала бақшаларда ғимаратқа, сонымен қатар топтарды безендіру кезінде көмектесуге қамқоршылық кеңестің үлесі бар деп ойлаймын.Дауыс беру арқылы сайланған мүшелерді қолдаймын.Өз қолымнан келгенше жәрдем беруге тырысамын.

Амангелдиева А.Т :Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру мен сайлау тәртібімен таныстық. Қамқоршылық кеңес менім түсінігім бойынша жағдайы төмен отбасылар, жалғыз басты аналар, жетім балаларға арналып қамқорлық көрсету. Солардың жетіспейтін заттарына, қаржылай көмек көрсету. Мен үшін бұл оңды іс әрекет деп білемін.Айтылған ұсыныстар өте орынды.Қайырымдылық шараларды уақытылы өткізіп,қолдау көрсету дұрыс шешім .

Тәрбиеші Айтжанова.Ж.Е :Мына Үкіметтен шыққан бұйрықтағы қамқоршылық кеңесте сайлау өте орынды деп есептеймін, себебі балабақшаға өте қажет. Балабақшамызда қамқорлық танытқысы келетін ата-аналар бар.Жылда ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс жасап тұрамыз.Балабақшаның үздіксіз жұмыс жасауына және дамуына ықпалы зор.Істеріңізге сәттілік тілеймін.

Қаулы қабылданды:

1. Қамқоршы кеңесті ұйымдастыру барысында бұйрық шығарылып, мүшелер сайлансын.
2. Қамқоршылық кеңестің бір жылға іс шара жоспары жасақталсын.

Жиналыс төрайымы:
Жиналыс хатшы:

Шамарданова.З.Ш
Есенболатова.Г.Е

Хаттама

«Айбөбек» бөбекжай- балабақшасы» КМҚК - да 2023 жылдың 30 қараша күні қамқоршылық кеңесінің отырысы өтті.

Жиналысқа қатысуға тиісті -

Жиналысқа қатысқандары –

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселе:

1.Қ.Р –ның 27,37 баптарына, «Білім туралы» ҚР –ның заңының 6 –бап 2 – тармағының 19) тармақшасына , «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін түрлерін және оны беру туралы қағидаларын бекіту туралы ҚР –сы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысына басшылыққа ала отырып, тегін тамақпен қамтамасыз етуге жататын балаларды анықтау.

Тыңдалды:

1.Күн тәртібіндегі мәселе бойынша «Айбөбек» бөбекжай- балабақшасы» КМҚК –ның меңгерушісі Шамарданова З.Ш
ҚР –сы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысын басшылыққа ала отырып, қамқоршылық кеңесінің мүшелеріне таныстырып әр тармақтарына тоқталып өтті. Бөбекжай- балабақшамыз 2023-2024 оқу жылында жалпы 95 баламен қамтылып отыр, әр баланың жағдайын жан – жақты зерттеп, қаулы тармақтарына сәйкес отбасыларды анықтап, тегін тамақпен қамтамасыз етуге жататын балалардың тізімін шығауымыз керек.

Хаттама № 1

**09 желтоқсан 2023 жылы «Айбөбек» бөбекжай балабақшасы» КМҚК нда
Қамқоршылық кеңестің отырысы болып өтті.**

Қатысуға тиісті кеңес мүшелері - 9

Қатысқаны - 9

Қаралатын мәселе:

1. Атырау облысының әкімі С.Шәпкеновтың 2023 жылғы 20 қарашадағы №231 санды «Атырау облысының мектепке дейінгі ұйымдары тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұйымдастыру туралы» қаулысымен кеңес мүшелерін таныстыру.

2. «Айбөбек» бөбекжай-балабақшасы» КМҚК бойынша әлеуметтік осал отбасылардан шыққан мектеп жасына дейінгі балаларды білім беру ұйымдарында тегін тамақпен қамтамасыз ету үшін төмендегі санаттар бойынша тегін тамақпен қамтылуға жататын тәрбиеленушілер санын анықтау.

Тыңдалды: 1-мәселе бойынша

Қамқоршылық кеңес төрайымы Б.Тулегенова кеңес мүшелерін Атырау облысының әкімі С.Шәпкеновтың 2023 жылғы 20 қарашадағы №231 санды «Атырау облысының мектепке дейінгі ұйымдары тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұйымдастыру туралы» қаулысымен таныстырды.

2- мәселе бойынша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысы мен Атырау облысының әкімі С.Шәпкеновтың 2023 жылғы 20 қарашадағы №231 санды «Атырау облысының мектепке дейінгі ұйымдары тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұйымдастыру туралы» қаулысын басшылыққа ала отырып әлеуметтік осал отбасылардан шыққан мектеп жасына дейінгі балаларды білім беру ұйымдарында тегін тамақпен қамтамасыз ету үшін, Қамқоршылық кеңес мүшелері балабақша тәрбиеленушілерінің әлеуметтік жағдайын зерделеп, саралады, төмендегі санаттар бойынша тегін тамақпен қамтылуға жататын тәрбиеленушілер санын анықтады.

Сөйлеушілер:

Зинетуллина Алтынай:

-Балабақша балаларының әлеуметтік жағдайын қарап, саралап отырмыз. Әр категория бойынша шығарып отырмыз.

2. Евниенов Нуржан:

-Балабақшада тәрбиеленуші балалардың әлеуметтік жағдайларымен танысып отырмыз. Біздің балабақшада отбасында мүгедек бала тәрбиелеп отырған отбасылар, көпбалалы аналар бар екен, мүгедек бала бар екен. Барынша жан-жақты қарап шығарып отырмыз. Осы балалардың тізімін тегін тамақпен қамтуға ұсынамын.

3. Умбетова Гүлбану:

- Атырау облысы әкімінің қаулысына сай балабақша бойынша тегін тамақпен қамтылуға тиісті балалар тізімін шығарып отырмыз. Осы балалардың тізімін аудандық білім бөліміне ұсынуға келісемін.

Кеңес мүшелерінің ұсынысы бойынша төмендегі тізімде балалар ұсынылды:

Атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алушы отбасылар – 1 бала

Балабақшада тәрбиеленіп отырған мүгедек балалары бар отбасылары санатына жататын- 1бала

Толық емес отбасы (жалғыз басты ана) - 1 бала

Көп балалы отбасылар санатына жататын- 34 бала

Барлығы : 37 бала желтоқсан айынына бастап тегін тамақпен қамтылады.

Осы анықталған балалар тізімін Аудандық білім бөліміне ұсынуға кеңес мүшелері бірауыздан келісті.

Қаулы:

1.Жоғарыда санаттар бойынша анықталған тәрбиеленушілер туралы мәлімет Құрманғазы ауданы білім беру бөліміне жолдансын.

2. 2023-2024 оқу жыл ішінде аталған санатқа жататын балалар ай сайын анықталып, толық құжаттар уақытында тапсырып отырылсын.

Жиналыс төрайымы:

Жиналыс хатшысы:

Тулегенова Бибигуль

Есенболатова Гүлмаржан